

«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Тауарлар мен көрсетілетін  
қызметтердің сапасы мен  
қауіпсіздігін бақылау  
комитеті» РММ төрағасының  
2019 ж. « 26 » шілденің  
№ N022705, N022706 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**

**Глюкоза**

**Саудалық атауы**

Глюкоза

**Халықаралық патенттелмеген атауы**

Жоқ

**Дәрілік түрі**

Инфузияға арналған 5% және 10%, 100, 200, 250, 400 және 500 мл ерітінді

**Құрамы**

1 л препараттың құрамында

*белсенді зат* - 50.0 г немесе 100.0 г сусыз глюкоза

*қосымша зат* - инъекцияға арналған су.

**Фармакотерапиялық тобы**

Қан және қан тұзу ағзалары. Қан алмастырғыштар және перфузиялық ерітінділер. Ирригациялық ерітінділер. Басқа да ирригациялық ерітінділер. Глюкоза.

АТХ коды В05СХ 01

**Сипаттамасы**

Түссіз мөлдір сұйықтық

**Фармакологиялық қасиеттері**

**Фармакокинетикасы**

Глюкозаның 5% ерітіндісі изотониялық болып табылады. Декстроза тіндерге түскенде организмнің зат алмасуының көптеген бөлігіне белсенді қосылатын глюкоза-6-фосфатқа айнала отырып фосфорланады.

Глюкозаның метаболизмінде тіндерде организмнің қызмет етуіне қажетті энергияның едәуір мөлшері бөлінеді. Ерітінді қан тамырлар жүйесінен жылдам шығарылады және қан тамырлары айналымындағы сұйықтық көлемін тек уақытша ұлғайтады. Организмге толық сіңіріледі, бүйрек арқылы шығарылмайды (қанда декстрозаның артық концентрациясы кезінде препараттың бір бөлігі бүйрек арқылы бөлінеді).

10% глюкоза ерітіндісі гипертониялық болып табылады.

### ***Фармакодинамикасы***

Регидратация және уытсыздандыруға арналған дәрі. Глюкоза организмдегі тотығу-тотықсыздану үдерістерін күшейтеді, бауырдың уыттануға қарсы функциясын жақсартады, организмнің энергетикалық шығындарының бір бөлігін жабады, өйткені ол жеңіл сіңетін көмірсулардың көзі болып табылады.

Гипертониялық ерітіндіні венаға енгізгенде қанның осмостық қысымы көтеріледі, зат алмасу үдерістері көтермеленеді, бауырдың уыттануға қарсы функциясы жақсарады, диурез жоғарылайды.

### **Қолданылуы**

*Глюкозаның 5% және 10% ерітіндісі*

- жасушалық, жасушадан тыс және жалпы дегидратация кезінде сұйықтық көлемін жылдам қалпына келтіру үшін

- в/і енгізуге арналған дәрілік заттардың ерітінділерін дайындау үшін

*Глюкозаның 10% ерітіндісі*

- гипогликемия

### **Қолдану тәсілі және дозалары**

Изотониялық (5%) ерітіндіні вена ішіне минутына 7 мл ең жоғары жылдамдықпен (1 минутта 150 тамшы немесе сағатына 400 мл) тамшылатып енгізеді.

Ересектерге арналған ең жоғары тәуліктік дозасы - 2 л.

Глюкозаның дозасы организмнің жеке қажеттіліктеріне байланысты. Зат алмасуы қалыпты ересектерге енгізілетін глюкозаның тәуліктік дозасы тәулігіне 4-6 г/кг аспауы керек, яғни шамамен тәулігіне 250-450 г, мұнда енгізілетін сұйықтықтың көлемі тәулігіне 30-40 мл/кг құрайды. Зат алмасу қарқындылығы төмендеген жағдайда тәуліктік дозаны 200-300 г-ге дейін төмендетеді.

Балаларға майлармен және амин қышқылдарымен қатар парентеральді қоректендіру үшін бірінші күні тәулігіне 6 г/кг енгізеді, артынша – тәулігіне 15 г/кг дейін. Дозаны есептегенде енгізілетін сұйықтықтың қолжетімді көлемін ескеру керек: дене салмағы 2-10 кг балалар үшін – тәулігіне 100-165 мл/кг, дене салмағы 10-40 кг балаларға – тәулігіне 45-100 мл/кг.

Препаратты ұзақ мерзім енгізуді глюкозаның қан сарысуындағы концентрациясын бақылай отырып жүргізу керек. Гипертониялық (10%)

ерітіндіні тек вена ішіне 20-40-50 мл-ден енгізеді. Қажет болғанда тамшылатып тәулігіне 300 мл дейін енгізеді.

Глюкозаның жылдам және толық сіңуі үшін кейде бір мезгілде инсулинді (тері астына 4-5 ӘБ-ден) енгізеді.

### **Жағымсыз әсерлері**

- гипергликемия
- қызба
- жүрек айну, полидипсия
- гиперволемия
- сол жақ қарыншаның жедел жеткіліксіздігі
- ионды теңгерімнің бұзылуы (гипокалиемиа, гипофосфатемиа, гипомагниемиа, гипонатриемиа)
- ұйқы безінің инсулярлы аппараты қорының азаюы
- енгізген жердің аздап ауыруы
- тромбофлебит
- аллергиялық реакциялар (тері бөртпелері, ангионевротикалық ісіну, анафилаксиялық шок)

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- қант диабеті
- гипергликемия
- гиперлактацидемия
- гиперосмолярлы кома
- циркуляторлық бұзылыстар
- ми ісінуі, өкпе ісінуі, сол жақ қарыншаның жедел жеткіліксіздігі
- глюкоза утилизациясының операциядан кейінгі бұзылуы
- гипергидрация

### **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Глюкоза натрийдің асқазан-ішек жолдарынан сіңуін жеңілдетеді. Препаратты аскорбин қышқылымен бірге тағайындауға болады. Инсулинді 4-5 г-ға 1 ӘБ есебінен бір мезгілде енгізу глюкозаның толығырақ сіңуіне ықпал етеді.

Глюкоза күшті тотықтандырғыш болуына байланысты, оны гексаметилентетраминмен қосып бір шприцте енгізуге болмайды.

Глюкозаны алкалоидтар ерітіндісімен (олардың ыдырауы жүзеге асады), жалпы анестетиктер және ұйықтатқыштармен (олардың белсенділігін төмендетеді) араластырмаған жөн.

Глюкоза сондай-ақ ауыруды басатын, адреномиметикалық заттардың әсерін әлсіретеді; стрептомициннің белсенділігін жояды, нистатиннің тиімділігін төмендетеді.

Осмолярлықты арттыру үшін глюкозаның 5% ерітіндісін натрий хлоридінің изотониялық ерітіндісімен біріктіруге болады.

## **Айрықша нұсқаулар**

Ұзақ мерзім қолдану немесе ерітіндінің көп мөлшерін жылдам инфузиялау ісінуге немесе судан уыттануға, бауырдың функциональдік жағдайының бұзылуына және ұйқы безінің инсулярлы аппараты қорының азаюына әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан ісінуі, бүйрек функциясының бұзылуы, бауырдың декомпенсацияланған циррозы бар науқастарға сұйықтықтарды қабылдауды шектеу керек. Электролиттерді көп мөлшерде жоғалтатын науқастарға глюкозаның көп мөлшерін енгізу қауіпті болуы мүмкін. Гипергликемия сауығу барысына теріс әсер ететіндіктен бастан өткерген жедел ишемиялық ұстамалардан кейін глюкоза ерітіндісін тағайындауға болмайды.

Енгізген жерде инфекциялар, тромбофлебит, сондай-ақ қан құйылған жағдайда тіндердің некрозы дамуы мүмкін. Мұндай реакциялар автоклавтаудан кейін пайда болатын ыдырау өнімдерінен немесе препаратты енгізу техникасы дұрыс болмағанда пайда болуы мүмкін. Вена ішіне енгізу электролит алмасуының бұзылуы, оның ішінде гипокалиемия, гипомагниемия және гипофосфатемияға әкеп соқтыруы мүмкін. Пациенттерде мұндай жағымсыз әсерлер дамуының алдын алу үшін препараттың дозасын және енгізу техникасын қадағалау керек және организмнің қышқылды-сілтілі теңгерімін бақылау керек.

### *Сақтандырулар мен сақтық шаралары*

Сұйықтығы бұлыңғыр немесе қақпағы әлсіз құтыларды пайдалануға болмайды.

### *Педиатриялық практикада қолданылуы*

Глюкозаны көрсетілімдері бойынша пайдалануға болады.

### *Жүктілік және лактация*

Глюкозаны ана үшін күтілетін пайдасы шарана мен бала үшін әлеуетті қаупінен асатын жағдайда ғана қолдануға болады.

### *Дәрілік заттардың көлік құралдарын жүргізуге немесе қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Әсер етпейді.

## **Артық дозалануы**

*Симптомдары:* жағымсыз әсерлердің айқын симптомдары. Гипергликемия пайда болуы мүмкін. Глюкоза құрамы жоғарылағанда (55 ммоль/л-ден жоғары, кейде 100 ммоль/л-ге дейін және жоғары) гиперосмолярлы кома және шок туындауы мүмкін. Бұл жағдайлардың патогенезінде су және электролиттердің қан ағымына осмостық ығысуы, сондай-ақ полиурия маңызды рөл атқарады. Мұнда күрт дегидратация және жасушалық сусыздану, гемоконцентрация, қан коагуляциясы жүйесінің белсенділенуі дамиды, ол артериялар мен веналарда жергілікті және диссеминацияланған тромб түзілуін жиі туындатады.

Қажет болғанда симптоматикалық ем тағайындайды.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

100, 200, 250, 400 және 500 мл препараттан резеңке төсемесі бар полипропилен қақпақшамен тығындалған және құтыға дәнекерленген ашуға арналған үзбелі сақинасы бар қалпақшамен қамтылған, ұстатқыш-ілмегі бар, 100 (100 мл-ге арналған), 200, 250 (200 және 250 мл-ге арналған), 400, 500 (400 және 500 мл-ге арналған) градуировкасы бар полипропиленнен жасалған құтыда.

30, 40, 100 немесе 120 құты санына сәйкес келетін, медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге, топтық қорапқа салынады.

### **Сақтау шарттары**

Жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецепт арқылы

### **Өндіруші/ Қаптаушы**

«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан Республикасы

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан Республикасы

*Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)*

«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан Республикасы Алматы облысы, Карасай ауданы, Елтай ауылдық округі, Көкөзек ауылы, 1147, 8 (727) 312-14-01; kelun\_reg@mail.ru